Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Н.Ә.Назарбаев

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017 ж

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

- СССР халық комиссары Николай Ежовтың 1937 жылғы 30 шілдеде шығарған №447 құпия бұйрығы одақ құрамындағы республикаларда репрессия бастауға негіз болды деп саналады. Бұйрықта репрессия науқанын 1937 жылғы 5 тамызда бастап, төрт ай мерзім ішінде аяқтау және Қазақстанда 2500 адамға ату жазасы үкімін орындап, 5000 адамды ұзақ мерзімге түрмеге қамау туралы пәрмен берілген. Бірақ, қуғын-сүргін төрт ай емес 1938 жылдың қарашасына дейін - 15 айға жалғасты. Қазіргі тарихшылардың дерегі бойынша, Қазақстанда 120 мыңға жуық адам қудаланып, 25 мың адам атылған. Жалпы одақ көлемінде 1 миллион 770 мыңдай адам репрессияға ұшырап, оның 390 мыңы өлім жазасына кесілген.

# Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына-80 жыл ( 1937-2017 жж)

# «Жазықсыз жапа шеккендер...»




Друзья и соратники Темирбека
Жургенова
Б. Майлин
1894-1938
С.Асфендияров
1889-1938
О.Жандосов
1899-1938
Т.Жургенов
1898-1938
Т.Рыскулов
1894-1937
А.Букейханов
1870-1938
С.Сейфуллин
1894-1938
И.Жансугуров
1894-1938
MyShared

## Темірбек Жүргенов – халқымыздың біртуар перзенті, қоғам қайраткері.



# Темірбек Жүргеновтың өмірі мен саяси қызметі

- Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылы карашада қазіргі Қызылорда облысы,Жалағаш ауданы,Жаңаталап аулындағы «Жүргеннің қыстауы» деген жерде дүниеге келді деген нақты жазбалар мен естеліктер сақталынған. Нақтылап айтқанда Темірбек Ташкент қаласында оқып жүргенде 1925 жылы өзі қол қойған өмірбаянда Қазалы уезінде туғанын жазыпты. Темірбектің өз өмірбаянында жазғандай,ірі бай отбасынан шыққан. Темірбектің әкесі- Қара,шын аты – Сырлыбай Жүргенұлы.Әкесі Қара да, атасы Қуан да мың-мыңдап жылқы айдаған дәулетті,әулетті еді. Шешесі еркелетіп «Темірше» дейтін.Оның әкесі 1858 жылы Қаракөл болысында туған.Оның әкесі Жүрген Қуаңұлы атақты бай болыпты.Қуаң турасында атақты ақын әзілкеш өзінің Қыз-Болыспен айтысқанда,туған жер,ел адалдығын мақтай келіп:
- Ақболық жіңішке мен жуан қандай?
- Сыймайды-ау қамзолыңа сыбағандай!
- Мақтайсың оны несін ей Ақболық,
- Қоздатып сексен мыңды Қуаң қандай?
- Қара Жүргенұлы 1937 жылы 15 қыркүйекте ату жазасына кесіп,үкім сол жылдың 25 қыркүйегіде Қызывлорда қаласында жүзеге асырылды. Темірбек Жүргеновтың туған немере ағасы Нұржан Жұдырықов Қарадан
- 7 ұл,1қыз қалғанын айтады.

# Шығармалары

- СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы, Қ.-О., 1927;
- Политэкономия, Қ.-О., 1928;

- Қазақ педагогикалық институтының бір жылғы жұмысы, Таш., 1928;
- Мектептің түп кемшілігін кетіру үшін күрес, Таш., 1933;

- Қазақстанда мәдениет революциясы, А., 1935;
- Қазақтың халық ақындары, М., 1936;
- Қазақстанда сауатсыздықты жою жұмысы туралы, А., 1936.

# Тау тұлға


Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ




Темірбек Қараұлы
Жүргенов
(1898-1938)


ЖҮРГЕНОВ
ТЕМІРБЕК ҚАРАУЛЫ




ЖҮРГЕНОВ
ТЕМІРБЕК ҚАРАУЛЫ

# Алты Алаштың ардақтысы-Т.Жүргеновке арналған ғылыми конференция









## Ұлтының ұлылығын ұлықтаған, ақтық демі таусылғанша бар болмыс—бітімімен, пәк жүрегінің асыл сенімімен елі мен жерінің өркендеуіне баға жетпес қызмет атқарған ұлы тұлғалардың бірі де бірегейі – Темірбек Қараұлы Жүргенов.






- Жан-жақты әмбебап қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов халқымыздың тарихы мен мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған біртуар перзенттерінің бірі. Күні бүгінге дейін кейінгі ұрпақ оны «алашордасының» көрнекті қайраткерлерінің бірі ретінде ғана білген болса, оның ғылыми-ағартушылық, педагогикалық мұрасы туралы білмей келді. Кезінде жеке адамға табыну мен зансыздықтың құрбаны болған Темірбек Жүргенов аз өмірінің ішінде артына орасан зор сарқылмас мұра қалдырды. Ендігі міндетіміз;өнер жанашыры, қоғам қайраткерін жан- жақты зерттеп, кеңінен насихаттап, сол мұрасының асылдарын халқымыздың рухани мүддесіне жаратуға тиіспіз

қортынды